Авторлардың (Román-Doval et al., 2023) зерттеу жұмыстарында хитозанды топыраққа еңгізген кезде, топырақ бөлшектерінің арасындағы когезияны және құрылымдық беріктігін арттыру, механикалық қасиеттерін жақсарту, сондай-ақ азот пен кальций сияқты қоректік элементтердің мөлшерін жоғарлатқаны көрсетілген. Сонымен қатар, хитозан негізінде жасалған композиттік және сополимерлік жүйелер топырақтың су ұстау қабілетін жоғарылатып, оның тұрақтылығын арттырады. Хитозанның тағы бір артықшылығы – топырақтағы әртүрлі ластаушы заттарды тиімді жоюға қабілетті (Adamczuk et al., 2021). Аэродинамикалық құбырда жүргізілген сынақтар хитозанның топырақтың жел эрозиясын тиімді түрде болдырмайтынын көрсетті (Berikbol et al., 2024). Су тамшысымен жүргізілген су эрозиясын зерттейтін сынақтар хитозанның төмен концентрациялы ерітінділерін жабын ретінде және су эрозиясынан қорғау үшін басқа материалдармен бірге қолдануға болатынын дәлелдеді. Сондай-ақ ластанған жерасты суларын тазартуға арналған сүзгілерде хитозанмен қапталған құмның практикалық маңызы бар екендігі және құмды топырақтардың гидравликалық өткізгіштігін төмендету әсерін тудыруы мүмкін екендігі хабарланады (Nader Hataf et al., 2018).

Өсімдіктер үшін де хитозанның маңызы зор. Ол вирустарға, бактериялар мен саңырауқұлақтарға қарсы қасиеттерге ие тұқымдардың қолайсыз орта факторларына төзімділігін арттырады, өңгіштігін жақсартады және тыңайтқыштардың су сіңіру қабілетін жоғарылатады

Натрий альгинаты да, хитозан сияқты, деградацияға ұшыраған жерлерді қалпына келтірудің оңтайлы құралы ретінде қарастырылады. Оның құмды топырақ бетінде жұқа қабат түзе алатыны және топырақтың төзімділік қасиеттерін арттыру

арқылы рекультивация үдерісін жеделдетеді. Сонымен қатар, авторлардың зерттеуінде (Fatehi et al., 2023) натрий альгинаты ірі түйіршікті де, ұсақ түйіршікті де топырақтың қасиеттерін айтарлықтай жақсартып, олардың жылжу беріктігін және жел эрозиясына төзімділігін жоғарлататыны көрсетілген.

Бірақ, зерттеу жұмысында (Chang et al., 2016) жеке полимерлер ұзақ мерзімді қорғаныс әсерімен қамтамасыз етпейтіндігі және жаңбыр суымен топырақтан аз уақыт ішінде жойылатындығы, кейбірі тіпті жеңіл жауын-шашын кезінде де тұрақтандырушы әсердің жоғалуына әкелетіндігі сипатталған. Себебі, гидрофобты байланыстырғыштар топырақта біркелкі тарала алмайды, топырақ бетіне тез шоғырланып, сынғыш жабын түзеді. Көптеген зерттеу деректерінде (Izumrudov et al., 2019) топырақ эрозиясынан қорғаудың оңтайлы жолы полимерлі байланыстырғыштың құрамында гидрофильді және гидрофобты да бөліктері болған жағдайда ғана қол жеткізілетіні сипатталған. Мұның нәтижесінде, біріншіден, байланыстырғыштың тиімділігі айтарлықтай артып, оның шығыны азаяды, екіншіден, байланыстырғыш топырақта біркелкі таралады және судағы ерігіштігі төмендейді. Сол себепті полимерлер комплексін қолдану өзекті мәселе. Төменгі №1-кестеде натрий альгинаты, хитозан биополимерлері негізінде синтезделген ИПЭК-тің топыраққа әсері көрсетілген. Полимерлердің диссоциацияланған функционалды топтарының электростатикалық өзара әрекеттесуі нәтижесінде, яғни натрий альгинатының анионды карбоксил тобы мен хитозанның катионды амин тобы арасында, және бұрыннан қалыптасқан альгинат–хитозан бөлшектерінің агрегаттары арасында жүретін ішкі және тізбеаралық сутектік байланыстар есебінен ИПЭК түзіледі.

№1-кесте – Биополимерлердің топыраққа әсері

№	Полимер	Әсері	Әдебиет
1	Ксантан сағызы және натрий альгинаты. Хитозан мен натрий альгинаты.	Топырақ құрылымдарының механикалық беріктігін арттырды.	(Temurayak et al., 2023) (Klivenko., 2020)
2	Натрий альгинаты мен кватирленген гидроксэтилцеллюлозды этоксилат	Полимерлермен топырақ бөлшектерінің арасында берік, суға төзімді композиттік жабындарды түзді.	(Novoskoltseva., 2022)
3	Натрий альгинаты мен натрий лигносульфонатынан жасалған гидрогельдер	Топырақтың максималды ылғалды ұстау қабілетін ұлғайтты (77,6 г/кг-ден 108,83 г/кг-ге дейін).	(Zhang et al., 2024)

Көптеген зерттеулерде (Izumrudov et al., 2019) және өзіміздің (Berikbol et al., 2024; Klivenko et al., 2020; Mussabayeva et al., 2022) алдыңғы зерттеу жұмыстарында биополимерлерден ИПЭК алу әдісі, ИПЭК-тің құрлымдық физико-химиялық қасиеттері, топырақ эрозиясына төзімділігі толық зерттелді. Бірақ полимерлермен ИПЭК-тің топыраққа ену тереңдігін және сумен шайылуға төзімділігін дәлелдеуге флуоресцентті таңбаланған материалдарды қолдану туралы деректер кертгірілмеген. Флуоресцентті таңбаланған полимерлерді алу үшін экологиялық зиянсыз, биоүйлесімді, фототұрақты, суда ерімейтін және арзан бояғыштарды

қолдану тиімді болып табылады. Аталған қасиеттерге флуоресцеин-изотиоцианат және флуоресцеинамин ие. Сондықтан осы зерттеу жұмысының мақсаты флуоресцентті таңбаланған хитозан мен натрий альгинаты биополимерлерінен ИПЭК алу, және оларды орманды құмды топырақтың құрлымдаушысы ретінде қолдану.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** *Зерттеу жұмысына коммерциялық үлгілер қолданылды:* биополимерлер хитозан (*Sigma-Aldrich*, АҚШ), натрий альгинаты (*Sigma-Aldrich*, АҚШ), 1-этил-3-(3-диметиламинопропил) карбодимид (EDC) (*Meryer*, Қытай), 5-флуоресцеинамин (*Meryer*, Қытай) және флуоресцеин изотиоцианаты изомер I (*Meryer*, Қытай). Тәжірибелерге арналған құмды топырақ үлгілері Қазақстан Республикасының Семей қаласы маңындағы қарағайлы орманнан алынды. Үлгілер 2022–2024 жылдар аралығындағы күзгі кезеңде топырақтың үстінгі қабатынан (0–25 см) алынды.

*Флуоресцентті таңбаланған хитозанды алу үшін екі ерітінді дайындаймыз:* 1) 0,2 г хитозанды 250 мл көлемді колбада 20 мл 0,1 М сірке қышқылында ерітілді; 2) 0,02 г флуоресцеин изотиоцианаты 20 мл ацетонда ерітілді, содан кейін дайындалған ерітіндінің 10 мл көлемі бірінші ерітіндіге қосылды. Алынған қоспаға қосымша 20 мл ацетон құйылды. Реакциялық колба күн сәулесінен қорғау мақсатында алюминий фольгамен оратылды және магнитті араластырғышқа 24 сағат бойы араластыру процесі жүргізілді (Hermanson et al., 2008).

*Флуоресцентті таңбаланған натрий альгинатын алу үшін екі ерітінді дайындаймыз:* 1) 40 мл дистилденген суда 0,792 г натрий альгинаты биополимерін ерітеміз, одан кейін 0,077 г EDC қосамыз; 2) 0,022 г флюоесцеинаминді 5мл ацетон ерітіндісінде ерітеміз, одан кейін оны бірінші ерітіндіге қосып араластырамыз, содан кейін колбадағы қоспаға 60 мл дистилденген су қосамыз, сыртын толық фольгамен орап, магниттік араластырғышта 2 сағатқа қалдырамыз (Hermanson et al., 2008).

Алынған флуоресцентті таңбаланған хитозан мен натрий альгинатын жеке-жеке 400 мл ацетон ерітіндісі бар бөлек химиялық стақандарға құямыз, сол кезде сары түсті тығыз гель тәрізді тұнба пайда болды, пайда болған тұнбаны супернаттантан механикалық жолмен бөліп алып, тұнбаны MWCO 8 kD диализдік мембранаға құямыз. Диализдік мембранадағы флуоресцентті таңбаланған полимерлерді 5 л дистилденген суда 5 тәулік бойы ұстаймыз, әр 8–10 сағат сайын дистилденген су ауыстырамыз. Алынған флуоресцентті таңбаланған полимер ерітінділері –40 °C температурада сублимациялық кептіргіштен Freeze dryer Scientz-12 (Қытай) өтеді, нәтижесінде сары түсті талшықты флуоресцентті таңбаланған полимерлер алынады.

*Табиғи полимерлерден және флуоресцентті таңбаланған полимерлерден ИПЭК синтездеу үшін* алдымен полимерлер ерітінділері дайындалды, ол үшін еңбектерінде (Berikbol et al., 2024; Klivenko et al., 2020) сипатталған әдістеме қолданылды. Алдымен жеке 0,01 моль/л концентрацияда биополимер ерітінділері дайындалды: 1,98 г натрий альгинаты биополимерін дистилденген суда, ал 1,61 г хитозан полимері 3% лимон қышқылында ерітілді. Полимер ерітінділері

магниттік араластырғышта 24 сағат бойы араластырылып, көлемі 1 литрге жеткізілді (Klivenko et al., 2020; Mussabayeva et al., 2022).

*ИПЭК полимерлер ерітінділерін тікелей араластыру әдісімен алынды:* полианион натрий альгинаты ерітіндісіне поликатион хитозан ерітіндісі қосылды. Қарама-қарсы зарядталған полиэлектролиттердің эквимольярлы ерітінділері [хитозан]:[натрий альгинаты] мольдік қатынастарда қосылды: [0:10], [1:9], [2:8], [3:7], [4:6], [5:5], [6:4], [7:3], [8:2], [9:1] және [10:0]. Эквимольярлы полимер ерітінділері шейкерде (Stegler NS, Қытай) 25°C температурасында 2 сағат бойы араластырылды. Содан кейін ИПЭК тұнбалары 3500 айн/мин жылдамдықта 15 минут бойы лабораториялық центрифугада (СМ-6М Elmi, Латвия) айналды. Супернатант алынып тасталғаннан кейін, ылғал тұнбалар аналитикалық таразыда (Mettler Toledo ML 204, Швейцария)  $\pm 0,0001$  г дәлдікпен өлшенді. Алынған тұнбаларды сублимациялық кептіргіште -41 °С температурасында 5 тәулік бойы тұрақты массаға дейін жеткізіліп кептірілді. Құрғақ үлгілердің массасы аналитикалық таразыда өлшенді. Жиналған деректер негізінде тұнба массасының ИПЭК мольдік құрамына тәуелділік графигі тұрғызылды.

*Полимерлер мен ИПЭК-ті ИҚ-спектроскопия әдісімен зерттеу.* Флуоресцентті таңбаланған полимер туындыларының химиялық модификациясы мен комплекс түзілуін растау мақсатында құрғақ ИПЭК тұнбаларының, полимерлердің және флуоресцеинамин мен флуоресцеин изотиоцианатының ИҚ-спектрлері өлшенді. Өлшеулер АTR-қосымшасы бар ФТ-801 ИҚ-Фурье спектрометрінде (Ресей, Simex analytical equipment) 400–4000  $\text{см}^{-1}$  диапазон аралығында орындалды (Berikbol et al., 2024; Kassymova et al., 2019).

*Коммерциялық полимерлер үлгілері мен олардың негізінде алынған ИПЭК-тің реологиялық қасиеттері* ротациялық вискозиметрімен (НААКЕ VT550, Thermo Scientific, АҚШ) зерттелді (Berikbol et al., 2024).

*Топыраққа полимерлердің еңу тереңдігін және олардың сумен шайылуға төзімділігін анықтау* төмендегі тәжірибиеге сәйкес жүргізілді.


Тәжірибе үшін биіктігі 9 см және диаметрі 2 см мөлдір пластикалық түтікше пайдаланылды. Ыдысқа 4 см биіктікте топырақ салынды, түбі су өтетін тесігі бар парафинді қабықпен жабылды. Тәжірибе 3 нұсқада, әрқайсысы үш қайталыммен орындалды:

1. 1 мл  $10^{-2}$  моль/л флуоресцентті таңбаланған хитозанмен өңделген топырақ;
2. 1 мл  $10^{-2}$  моль/л флуоресцентті таңбаланған натрий альгинатымен өңделген топырақ;
3. 0,2 мл  $10^{-2}$  моль/л флуоресцентті-таңбаланған хитозанмен топырақтың беткі қабатын өңдеу, және оның үстіне 0,8 мл  $10^{-2}$  моль/л флуоресцентті таңбаланған натрий альгинатымен өңделген топырақ. Бұл [2:8] мольдік қатынасындағы [хитозан : натрий альгинаты] ИПЭК-ке сәйкес келді.

Осыдан кейін ылғал топырақ үлгілері 12 сағат бойы ауада бөлме температурасында (25 °С) кептірілді. Кептірілген топырақ үлгілері шыны пластинкаларға орналастырылып, ортасынан түзу екі бөлікке бөлінді (1-сурет). Флуоресцентті-таңбаланған полимерлермен және ИПЭК-пен өңделген топырақ

бөліктері ультракүлгін шаммен (Ресей, Дозор-УФ-365) қараңғыда сәулелендіріліп, топыраққа еңу терендігі анықталды.

*1-сурет. Флуоресцентті таңбаланған полимерлер және ИПЭК-пен өңделген топырақ бөліктері*



Полимерлер мен ИПЭК-тің топырақтан шайылуын зерттеу үшін флуоресцентті-таңбаланған полимерлермен және ИПЭК-пен өңделіп кептірілген топырақ үлгілері 50 мл дистилденген сумен өңделді. Сумен шайылғаннан кейін топырақ үлгілері қайтадан кептіріліп, екі бөлікке бөлінді, содан кейін үлгілерді қараңғыда ультракүлгін жарықпен сәулелендіріп, топырақта қалған полимер терендігі өлшенді.

Полимермен және ИПЭК-пен өңделген топырақтың беткі қабатының фотосуреттері төмен вакуумды талдамалық сканирлеуші электрондық микроскоптың (SEM JSM-6390LV, Jeol, Токио, Жапония) көмегімен түсірілді.

Зертханалық жағдайда полимерлермен және ИПЭК-пен өңделген топырақ агрегаттарының жел және су эрозиясына тұрақтылығын зерттеу.

Зертханалық жағдайда топырақтың жел және су эрозиясына төзімділігін анықтау үшін диаметрі 10 см Петри табақшалары 160 г (0,25–0,5 мм) құмды топырақпен толтырылды. Сынақ тәжірибелері үш нұсқада жүргізілді: 1) дистилденген сумен өңделген топырақ (бақылау нұсқасы), 2) хитозанмен өңделген топырақ нұсқасы (ауада кептірілген топырақ массасына шаққанда 0,02% полимер), 3) натрий альгинаты биополимерімен өңделген топырақ (ауада кептірілген топырақ массасына шаққанда 0,02% полимер), 3) ИПЭК-пен өңделген топырақ (ауада кептірілген топырақ массасына шаққанда 0,004% хитозан және 0,02% натрий альгинаты, мольдік қатынасы [хитозан]:[натрий альгинаты] = 2:8. Бұл мольдік қатынас біздің алдыңғы зерттеулерімізде ИПЭК-тің оңтайлы құрамы ретінде анықталған. ИПЭК-пен топырақты өңдеу екі ерітінділі әдіс арқылы жүргізілді (Berikbol et al., 2024; Izumrudov et al., 2019; Klivenko et al., 2020; Mussabayeva et al., 2022). Ол үшін, алдымен топырақ беті 4 мл  $10^{-2}$  моль/л хитозан ерітіндісімен біркелкі өңделді. Бірінші полимер толық сіңгеннен кейін, екінші полимер 16 мл  $10^{-2}$  моль/л натрий альгинатының ерітіндісі себілді. Су және жел эрозиясын модельдеу үшін зертханалық қондырғылар жасалды (Berikbol et al., 2024). Зертханалық жағдайда полимерлермен және ИПЭК-пен өңделген топырақтың су эрозиясына төзімділігін зерттеу үшін бес күн бойы кептірілген

Петри табақшаларындағы топырақ нұсқалары 15° бұрышпен орналастырылып, үстінен 500 мл ағынды дистилденген сумен өңделді. Топырақтың бетіне жауын-шашынның әсерін беру үшін BT100 перистальтикалық дозатор-сорғысы (ADS-Lab, Иркутск, Ресей) арқылы жүзеге асырылды. Ағынды су химиялық стакандарға жиналып, лайлылығы бойынша салыстырылды. Ары қарай Петри табақшаларында қалған топырақ үлгілері кептіру шкафында (58/350 LPF AB UMEGA, SnolTherm, Утена, Литва) 100 °C температурада тұрақты массаға дейін кептірілді. Кептірілген топырақ үлгілері қайтадан өлшеніп, су ағынымен жоғалған топырақ массасының мөлшері анықталды. Полимер және ИПЭК-пен өңделген топырақ қабатының жел эрозиясына төзімділігін зерттеу үшін Петри табақшаларындағы бес күн кептірілген топырақ-полимерлі қабықшаларын горизонтальді аэродинамикалық құбырға орналастырылып, 1 минут бойы 12 м/с жылдамдығымен жел үрлегіш құрылғымен (VKK-200, «Тепломаш», Санкт-Петербург, Ресей) әсер еткізілді. Петри табақшасында қалған топырақ қалдықтарының жел және су эрозиясына төзімділігі анықталды.

Топырақ үлгілерін TAXT анализаторы құрылғысына (Stable Micro Systems, Ұлыбритания) орналастырылып, 0,01 мм/сек жылдамдықпен қысу режимінде сыналды. Сынақ үшін құрылғы ұшында орналасқан диаметрі 5 мм шарлы ине P/5S зонды қолданылды. Топырақ-полимерлі қабықшалардың механикалық беріктігін зерттеу (Berikbol et al., 2024; Kassymova et al., 2019) авторлар сипаттаған әдістеме бойынша орындалды. Алынған деректер негізінде үлгінің деформация дәрежесінің қолданылған кернеуге тәуелділік графигі тұрғызылды. Серпімділік модулі алынған қисықтың бастапқы түзу сызықты учаскесіне жүргізілген жанаманың еңкею бұрышының тангенсі бойынша анықталды.


**Нәтижелер мен талқылаулар.** Алынған флуоресцентті таңбаланған хитозан мен натрий альгинаты полимер ерітінділері визуальді түрде сары түсті және қаранғыда ультра күлгін шамның әсерінен жарқырайтын қасиетке ие болды (2-сурет). Өнімнің шығымы флуоресцентті таңбаланған хитозан үшін 95%, ал флуоресцентті таңбаланған натрий альгинаты үшін 96% болды.

2-сурет. Флуоресцентті таңбаланған полимер ерітіндісі




Хитозанның амин тобы ( $-\text{NH}_2$ ) мен флуоресцеин изотиоцианатының изотиоцианат тобы ( $=\text{N}=\text{C}=\text{S}$ ) арасында тиомочевина-байланысы арқылы флуоресцентті таңбаланған хитозанның түзілуі 3-суретте көрсетілді (Carrićo et al., 2020).

3-сурет. Флуоресцентті таңбаланған хитозанды алудың химиялық реакциясы.



Флуоресцентті таңбаланған натрий альгинатын синтездеу кезінде EDC натрий альгинатының карбоксил топтарын ( $-\text{COO}^-$ ) белсендетіп, оларды флуоресцеинаминнің амин топтарымен әрекеттесуге қабілеттілігін жоғарлатады, яғни флуоресцеинамин мен натрий альгинатының арасында **ковалентті амидтік байланыс** ( $-\text{CO}-\text{NH}-$ ) түзіледі (4-сурет).

4-сурет. Флуоресцентті таңбаланған натрий альгинаттың алудың химиялық реакциясы



Ары қарай флуоресцентті таңбаланған полимерлердің түзілгендігі ИҚ-спектрометрия әдісі арқылы расталды (5-сурет). Флуоресцеинаминнің ИҚ-спектрінде  $-\text{NH}_2$  және  $-\text{OH}$  топтарының  $3352\text{ см}^{-1}$  және  $3203\text{ см}^{-1}$  сіңіру жолақтары,  $2851\text{ см}^{-1}$  шамасында  $\text{C}-\text{H}$  топтарының шыңы және  $1742\text{ см}^{-1}$  аймағында карбонил тобының ( $\text{C}=\text{O}$ ) айқын шыңы байқалды. Сонымен қатар,  $1593\text{ см}^{-1}$ ,  $1373\text{ см}^{-1}$  және  $1109\text{ см}^{-1}$  толқын сандарында ароматтық сақина мен  $\text{C}-\text{N}$  байланыстарына сәйкес шыңдар тіркелді.

Натрий альгинатының спектрінде  $2920\text{ см}^{-1}$  аймағында  $\text{C}-\text{H}$  топтарының тербелістері, ал  $1601\text{ см}^{-1}$  және  $1450\text{ см}^{-1}$  аймақтарында  $\text{COO}^-$  топтарының


асимметриялық және симметриялық тербелістері анықталды, бұл оның карбоксилат тұзы күйінде екенін көрсетті.

Флуоресцентті таңбаланған натрий альгинаттың спектрінде келесі өзгерістер байқалады: флуоресцеинаминнің  $3352\text{ cm}^{-1}$ ,  $3203\text{ cm}^{-1}$   $\text{NH}_2$  тобының жолақтары жоғалады және натрий альгинатының  $1601\text{ cm}^{-1}$ ,  $1450\text{ cm}^{-1}$  шыңдары  $1695\text{ cm}^{-1}$ ,  $1442\text{ cm}^{-1}$  жолақтарына ауысады. Бұл натрий альгинатының  $-\text{COOH}$  топтарымен флуоресцеинаминнің  $-\text{NH}_2$  топтарының электростатикалық өзара әрекеттесуін дәлелдейді.

Флуоресцеин изотиоцианатының ИҚ-спектрінде  $2100\text{ cm}^{-1}$  аймағында изотиоцианат тобының ( $=\text{N}=\text{C}=\text{S}$ ) тербелістеріне сәйкес келетін жұтылу шыңы анықталды. Сонымен қатар,  $3555\text{ cm}^{-1}$  аймағында гидроксил тобының ( $-\text{OH}$ ),  $1725\text{ cm}^{-1}$  аймағында карбонил тобының ( $\text{C}=\text{O}$ ) және  $1540\text{ cm}^{-1}$  аймағында бензол сақинасының валенттік тербелістеріне тән шыңдар байқалды.

Ал, флуоресцентті таңбаланған хитозанның ИҚ-спектрінде бастапқы полимермен салыстырғанда  $-\text{NH}_2$  тобының жұтылу жолағы  $1648\text{ cm}^{-1}$ -ден  $1628\text{ cm}^{-1}$ -ге ығысқаны, сондай-ақ флуоресцеин изотиоцианатына тән изотиоцианат тобының шыңының жоғалғаны байқалады. Бұл флуоресцеин изотиоцианатының тобы мен хитозанның амин топтары арасында химиялық әрекеттесу жүргенінің тағы бір дәлелі (5-сурет).

5-сурет. Полимерлер, флуоресцеин изотиоцианаты, флуоресцеинамин және флуоресцентті таңбаланған полимерлердің ИҚ-спектрлері



Флуоресцентті таңбаланған ИПЭК-тің оңтайлы құрамын таңдау мақсатында әртүрлі эквимольарлы мольдік қатынастардағы флуоресцентті таңбаланған полимер ерітінділерін араластыру нәтижесінде лайлануы және тұнба түзілуі байқалды. Алынған тұнбалар сары түсті, жанасқанда тығыз және ылғал гелтәрізді, иіссіз, ультра күлгін шам әсерінен жарқырау қасиетіне ие болды. Сублимациялық кептіруден кейінгі ИПЭК медициналық мақтаға ұқсас құрылыммен сипатталды (6-сурет).


6-сурет. Синтезделген флуоресцентті таңбаланған ИПЭК



Гравиметриялық әдіспен әртүрлі мольдік қатынастардағы ИПЭК шығымы анықталды: ылғалды тұнба массасы центрифугада бөлуден кейін, ал құрғақ тұнба массасы сублимациялық кептіруден кейін өлшенді. Флуоресцентті таңбаланған ИПЭК-тің ең жоғары шығымы [2:8] мольдік қатынасында тіркелді: ылғалды өнім – 1,1914 г, ал құрғақ өнім – 0,7814 г. Осыған байланысты бұл оңтайлы қатынас алдыңғы зерттеу нәтижелеріне (Mussabayeva et al., 2022) сәйкес келеді және алынған ИПЭК зертханалық тәжірибеде топырақты өңдеуде қолданылды.

Флуоресцентті таңбаланған полимерлерден алынған ИПЭК-тің ИҚ-спектрі зерттелді (7-сурет).


7-сурет. Флуоресцентті таңбаланған полимерлермен ИПЭК-тің ИҚ-спектрлері




**Флуоресцентті таңбаланған ИПЭК-тің ИҚ-спектрінде** карбоксильді топтарының жолақтары және аминотоптарының тербелістері жойылғаны байқалады, яғни полимерлердің функциональды топтарының арасында электростатикалық өзара әрекеттесуінің дәлелі.

Хитозан, натрий альгинаты және ИПЭК-ті топырақ эрозиясына қарсы тиімді қолдану үшін олардың реологиялық қасиеттері зерттелді (8,9-суреттер).

8-сурет. Полимер ерітінділері мен ИПЭК-тің әртүрлі мольдік қатынастарындағы ығысу кернеуінің ығысу жылдамдығына тәуелділігі (0,01M)




9-сурет. Полимер ерітінділері мен ИПЭК-тің әртүрлі мольдік қатынастарындағы ығысу кернеуінің ығысу жылдамдығына тәуелділігі (0,01M)



Хитозан, натрий альгинаты ерітінділерінің және осы полимерлердің [1:9], [2:8], [3:7], [4:6] ИПЭК-і ағыс қисықтары ньютондық емес сұйықтықтарға тән псевдопластикалық ағысқа сәйкес келеді. Басқа (Belalia et al., 2014) зерттеу жұмыстарында полимерлермен ИПЭК сұйықтықтары псевдопластикалық ағысқа сәйкес келетіндігі сипатталған, яғни кернеу жылдамдығымен ығысуы өскен сайын тұтқырлығы төмендейді. Псевдопластикалық ағыспен сипатталатын сұйықтықтар топырақтың беткі қабатына жақсырақ енеді, су, ауа өткізу режимін оңтайландырады, топырақтың кіші бөлшектерін байланыстырады, механикалық құрлымын жақсартып, эрозияға қарсы қабілетін ұлғайтады.

Полимерлердің және ИПЭК-тің топыраққа ену тереңдігін анықтау және шайылуға төзімділігін бағалау үшін флуоресцентті таңбаланған модификациялары пайдаланылды (10-сурет).

10-сурет. Флуоресцентті таңбаланған полимерлермен өңделген топырақ үлгілері (1; 2; 3) және сумен шайылғаннан кейінгі жағдайы (1.1; 2.1; 3.1)




10-суретте көрсетілгендей, флуоресцентті таңбаланған натрий альгинатымен хитозанның топырақа еңу тереңдігі 21-23 мм құрады (10-сурет (1,2)). Бұл полимерлердің топырақтың беткі қабатында жабын түзбейтінің және топыраққа тереңірек енетіндігін көрсетті. Биополимерлердің судың әсерінен топыраққа тереңірек өтіп, біртіндеп шайылатындығы байқалды (10-сурет (1.1, 2.1)).

Ал флуоресцентті таңбаланған ИПЭК топырақ қабатына 16 мм ге дейін еніп, беткі қабатында 2 мм тереңдікке дейін топырақ жабының қалыптастырды (10-сурет (3)) және сумен шайылғаннан кейін сол қалпында сақталғаны байқалды (10-сурет (3.1)).

Сонымен қатар, ИПЭК-пен топырақ бөлшектерінің (0,50–0,25) өзара байланысуын және полимерлі-топырақ жабының қалыптасуын СЭМ сканирлеуші электрондық микроскоптың көмегімен түсірілген микрофотосуреттер дәлелдеді (**11-сурет**). Зерттеулер (Berikbol N et al., 2024; Klivenko A et al., 2020) бойынша мұндай жабынның топырақтың беткі қабатын бітемей, ылғал мен ауаның терең қабаттарға өтуін сақтайтыны расталды.


11-сурет. Топырақ агрегаттарының микроскопиялық фотосуреттер



Осы қасиеттер биоыдырайтын полимерлер мен ИПЭК-ті топырақ құрылымын жақсарту және оның агрегаттарының тұрақтылығын арттыру үшін тиімді құрал етеді.

12-13 суреттерде модельдік зертханалық тәжірибе жағдайында су мен желдің әсерінен полимерлермен және ИПЭК-пен өңделген топырақ эрозиясының нәтижелері көрсетілген.


12-сурет. Жел эрозиясы тәжірбиесінен кейінгі топырақ үлгілерінің беткі қабаты




13-сурет. Су эрозиясы тәжірбиесінен кейінгі топырақ үлгілерінің беткі қабаты

ИПЭК-пен өңдеу топырақтың беткі қабатын су және жел эрозиясынан қорғаудың ең жоғары бекітуші әсер көрсетті. ИПЭК-пен өндегеннен кейін топырақтың су эрозиясына төзімділігі 68%-ға, ал жел эрозиясына төзімділігі тиісінше 81%-ға жоғарылады (14-сурет). ИПЭК құрамындағы гидрофильді (анионды) және гидрофобты (катион) фрагменттердің болуы топырақ бөлшектерінің зарядталған бетімен электростатикалық әрекеттесуі нәтижесінде микроагрегаттардың үстінде қорғаныштық полимерлі қабықтың қалыптасуын жеңілдетеді.

14-сурет. Топырақ бөлшектерінің су жел эрозиясына төзімділігі



Топырақтың эрозиясына қарсы хитозан, натрий альгинаты және ИПЭК-тің әсерін зерттеу үшін топырақ-полимерлі композиттердің механикалық сынақтары жүргізілді (15-сурет).

*15-сурет. Полимерлі жабынмен қапталған топырақтың механикалық қасиеттері*

Топырақ бетінде түзілген топырақ–полимерлі жабындардың Юнг модулі айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетті. 15-суреттен көріп отырғандай, Юнг модулінің ең жоғары мәні ИПЭК-пен өңделген топырақ үлгісінде тіркелді және ол 31631 Па құрады. Хитозан және натрий альгинаты негізіндегі топырақ–полимерлі жабындардың көрсеткіші төмен болды (21031 Па және 13280 Па). Дистилденген сумен өңделген бақылау үлгілерінде 1619 Па байқалды. Жеке полимерлермен және сумен модификацияланған үлгілерге қарағанда ИПЭК бар композиттердің механикалық беріктігінің жоғары болуы тұқымның өнуіне және өсімдіктердің дамуына кедергі келтірмейді, себебі Юнг модулінің анықталған мәндері өсімдік жасушаларындағы тургорлық қысымнан аспайды (Berikbol et al., 2024; Klivenko et al., 2020). Алынған мәліметтер ИПЭК-тің эрозияға бейім орманды құмды топырақтардың құрылымдық тұрақтылығын арттыруда тиімділігін көрсетеді.

**Қорытынды.** Алғаш рет коммерциялық полимер үлгілерінен флуоресцентті таңбаланған хитозан және натрий альгинаты синтезделді, олардың шығымы тиісінше 95% және 96% құрады. Бұл синтезделіп алынған полимерлер мен ИПЭК-ті құмды топыраққа еңу тереңдігі мен шайылу дәрежесін зерттеу мақсатында қолданылды. Синтез барысында хитозанның амин тобы флуоресцеин изотиоцианатының изотиоцианат тобымен әрекеттесіп, тиомочевина байланысын түзді, ал натрий альгинатының карбоксил тобы флуоресцинаминнің амин тобымен қосылысы амидтік байланыс арқылы жүзеге асты. ИҚ-спектроскопия нәтижелері бойынша флуоресцентті таңбаланған полимерлермен ИПЭК-тің химиялық құрылымы дәлелденді. Реологиялық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде полимерлер мен [1:9], [2:8], [3:7], [4:6] мольдік қатынастағы ИПЭК-дің ньютондық емес псевдопластикалық қасиетке ие ағысы анықталды. Флуоресцентті таңбаланған полимерлердің топыраққа еңу тереңдігі 21-23 мм құрады. Ал, флуоресцентті таңбаланған ИПЭК-тің еңу тереңдігі 16 мм және топырақтың беткі қабатында 2мм қалыңдықта топырақ жабының қалыптастырды. Су әсерінен кейін полимерлермен

салыстырғанда ИПЭК-тің сумен шайылмайтындығы байқалды. Сонымен қатар, ИПЭК топырақтың механикалық беріктігін 19 есе арттырды. ИПЭК пен өңделген топырақтың эрозияға төзімділігі 98–99% құрады, бақылау нұсқасынан 68–81% жоғары. [Хитозан:натрий альгинаты] = [2:8] мольдік қатынасындағы ИПЭК-ті орманды топырақтың құрылымын жақсартуға арналған эрозияға қарсы құрылымдаушы ретінде ұсынуға болады.

#### Әдебиеттер

Панова И.Г., Ильясов Л.А., Ярославов А.Б. (2021) Поликомплексные рецептуры для защиты почв от деградации. Высокомолекулярные соединения. Серия С, 63(2). — С. 148–155. DOI:10.31857/S0514142921020106

Adamczuk A., Kercheva M., Hristova M., Jozefaciuk G. (2021) Impact of chitosan on water stability and wettability of soils. *Materials*, 14(24). — Article 7676. DOI:10.3390/ma14247676

Belalia F., Djelali N. (2014) Rheological properties of sodium alginate solutions. *Revue Roumaine de Chimie*, 59(2). — P. 81–86.

Berikbol N., Klivenko A., Markin V., Orazzhanova L., Yelemessova G., Kassymova Z. (2024) Development of interpolyelectrolyte complex based on chitosan and carboxymethylcellulose for stabilizing sandy soil and stimulating vegetation of Scots pine (*Pinus sylvestris* L.). *Polymers*, 16(16). — Article 2373. DOI:10.3390/polym16162373

Caprifico A., Polycarpou E., Foot P.J.S., Calabrese G. (2020) Biomedical and pharmacological—applications of chitosan—based nanocarriers incorporating fluorescein isothiocyanate. *Macromolecular Bioscience*, 21(1). — Article ID 2000312. — P. 2—27. DOI: 10.1002/mabi.202000312.1

Chang I., Im J., Cho G.—C. (2016) Introduction of microbial biopolymers in soil treatment for future environmentally friendly and sustainable geotechnical engineering. *Sustainability*, 8(3). — Article 251. DOI:10.3390/su8030251

Fatehi H., Ong D., Yu J., Chang I. (2023) The effects of particle size distribution and moisture variation on mechanical strength of biopolymer—treated soil. *Polymers*, 15(6). — Article 1427. DOI:10.3390/polym15061427

Hataf N., Ghadir P., Ranjbar N. (2018) Investigation of soil stabilization using chitosan biopolymer. *Journal of Cleaner Production*, 170. — P. 1493–1500. DOI: 10.1016/j.jclepro.2017.09.266

Hermanson G.T. (2008) *Bioconjugate Techniques*. — 2nd ed. Burlington, MA, USA: Academic Press. — 1041 p.

Izumrudov V.A., Mussabayeva B.Kh., Kassymova Zh.S., Klivenko A.N., Orazzhanova L.K. (2019) Interpolyelectrolyte complexes: advances and prospects of application. *Russian Chemical Reviews*, 88(10). — С. 1046–1062. DOI:10.1070/RCR4877

Kabanov V.A., Zezin A.B. (1984) Soluble interpolymeric complexes as a new class of synthetic polyelectrolytes. *Pure and Applied Chemistry*, 56(3). — P. 343–354. <https://doi.org/10.1351/pac198456030343>

Kassymova Zh.S., Orazzhanova L.K., Bayakhmetova B.B., Gaisina B.S., Kassenova N.B., Yelemessova G.T. (2019) Preparation of interpolymer complexes of chitosan and sodium alginate. *Bulletin of the Karaganda University. Chemistry Series*, 93(1). — P. 17–24. DOI:10.31489/2019Ch1/17-24

Klivenko A., Orazzhanova L., Mussabayeva B., Yelemessova G., Kassymova Z. (2020) Soil structuring using interpolyelectrolyte complexes of water—soluble polysaccharides. *Polymers for Advanced Technologies*, 31. — P. 3292–3301. DOI:10.1002/pat.5029

Komoto D., Furuike T., Tamura H. (2019) Preparation of polyelectrolyte complex gel of sodium alginate with chitosan using basic solution of chitosan. *International Journal of Biological Macromolecules*, 126. — P. 54–59. DOI: 10.1016/j.ijbiomac.2018.12.195

Mussabayeva B.Kh., Kassymova Zh.S., Orazzhanova L.K., Klivenko A.N., Sabitova A.N., Bayakhmetova B.B. (2022) Interpolyelectrolyte complex chitosan—alginate for soil structuring. *Bulletin of the Karaganda University. Chemistry Series*, 107(3). — P. 102–114. DOI:10.31489/2022Ch3/3-22-11

Novoskoltseva O.A., Belov A.A., Loiko N.G., Nikolaev Y.A., Panova I.G., and Yaroslavov A.A..

(2022) Biodegradable Interpolycomplexes for Anti-Erosion Stabilization of Soil and Sand. *Polymers*, 14. <https://doi.org/10.3390/polym14245383>

Rocha R.F.P., Costa M.P.M., da Costa A.C.A., Ferreira I.L.M. (2024) Study of the degradation in an ultisol of alginate-chitosan complex and its stability and applicability as a soil conditioner. *International Journal of Biological Macromolecules*, 264(1). — Article 130384. DOI: 10.1016/j.ijbiomac.2024.130384

Román-Doval R., Torres-Arellanes S.P., Tenorio-Barajas A.Y., Gómez-Sánchez A., Valencia-Lazcano A.A. (2023) Chitosan: Properties and its application in agriculture in context of molecular weight. *Polymers*, 15(13). — Article 2867. DOI:10.3390/polym15132867

Temurayak A., Eskisar T., Eskisar T. (2023) Clay Soil Stabilization Using Xanthan Gum and Sodium Alginate as Biopolymers. In: 5th International Conference on New Developments in Soil Mechanics and Geotechnical Engineering.

Zhang, X. et al. Sodium alginate/sodium lignosulfonate hydrogel based on inert Ca<sup>2+</sup> activation for water conservation and growth promotion (2024) *Environ. Res.*, 246, 118144.

### References

Panova I.G., Il'yasov L.A., Yaroslavov A.B. (2021) Polikompleksnyye receptury dlya zashchity pochv ot degradatsii [Polycomplex Formulations for the Protection of Soils Against Degradation]. *Vysokomolekulyarnye soedineniya. Seriya C*, 63(2). — P. 148–155. (in Russian)

Adamczuk A., Kercheva M., Hristova M., Jozefaciuk G. (2021) Impact of chitosan on water stability and wettability of soils. *Materials*, 14(24). — Article 7676. DOI:10.3390/ma14247676 (in English)

Belalia F., Djelali N. (2014) Rheological properties of sodium alginate solutions. *Revue Roumaine de Chimie*, 59(2). — P. 81–86. (in English)

Berikbol N., Klivenko A., Markin V., Orazzhanova L., Yelemessova G., Kassymova Z. (2024) Development of interpolyelectrolyte complex based on chitosan and carboxymethylcellulose for stabilizing sandy soil and stimulating vegetation of Scots pine (*Pinus sylvestris* L.). *Polymers*, 16(16). — Article 2373. DOI:10.3390/polym16162373 (in English)

Chang I., Im J., Cho G.—C. (2016) Introduction of microbial biopolymers in soil treatment for future environmentally friendly and sustainable geotechnical engineering. *Sustainability*, 8(3). — Article 251. DOI:10.3390/su8030251 (in English)

Caprifico A., Polycarpou E., Foot P.J.S., Calabrese G. (2020) Biomedical and pharmacological—applications of chitosan—based nanocarriers incorporating fluorescein isothiocyanate. *Macromolecular Bioscience*, 21(1). — Article ID 2000312. — P. 2-27. DOI: 10.1002/mabi.202000312.1 (in English)

Fatehi H., Ong D., Yu J., Chang I. (2023) The effects of particle size distribution and moisture variation on mechanical strength of biopolymer-treated soil. *Polymers*, 15(6). — Article 1427. DOI:10.3390/polym15061427 (in English)

Hataf N., Ghadir P., Ranjbar N. (2018) Investigation of soil stabilization using chitosan biopolymer. *Journal of Cleaner Production*, 170. — P. 1493-1500. DOI: 10.1016/j.jclepro.2017.09.266 (in English)

Hermanson G.T. (2008) *Bioconjugate Techniques*. — 2nd ed. Burlington, MA, USA: Academic Press. — 1041 p. (in English)

Izumrudov V.A., Mussabayeva B.Kh., Kassymova Zh.S., Klivenko A.N., Orazzhanova L.K. (2019) Interpolyelectrolyte complexes: advances and prospects of application. *Russian Chemical Reviews*, 88(10). — P. 1046-1062. DOI:10.1070/RCR4877 (in English)

Kabanov V.A., Zezin A.B. (1984) Soluble interpolymeric complexes as a new class of synthetic polyelectrolytes. *Pure and Applied Chemistry*, 56(3). — P. 343-354. <https://doi.org/10.1351/pac198456030343> (in English)

Kassymova Zh.S., Orazzhanova L.K., Bayakhmetova B.B., Gaisina B.S., Kassenova N.B., Yelemessova G.T. (2019) Preparation of interpolymer complexes of chitosan and sodium alginate. *Bulletin of the Karaganda University. Chemistry Series*, 93(1). — P. 17-24. DOI:10.31489/2019Ch1/17—24 (in English)

Klivenko A., Orazzhanova L., Mussabayeva B., Yelemessova G., Kassymova Z. (2020) Soil structuring using interpolyelectrolyte complexes of water—soluble polysaccharides. *Polymers for Advanced Technologies*, 31. — P. 3292-3301. DOI:10.1002/pat.5029 (in English)

Komoto D., Furuike T., Tamura H. (2019) Preparation of polyelectrolyte complex gel of sodium alginate

with chitosan using basic solution of chitosan. *International Journal of Biological Macromolecules*, 126. —P. 54–59. DOI: 10.1016/j.ijbiomac.2018.12.195 (in English)

Mussabayeva B.Kh., Kassymova Zh.S., Orazzhanova L.K., Klivenko A.N., Sabitova A.N., Bayakhmetova B.B. (2022) Interpolyelectrolyte complex chitosan–alginate for soil structuring. *Bulletin of the Karaganda University. Chemistry Series*, 107(3). – P. 102-114. DOI:10.31489/2022Ch3/3-22-11 (in English)

Nurakhmetova Z., Tatykhanova G., Kudaibergenov S. (2020) Immobilized anticancer agents and metal nanoparticles in a matrix of gellan: achievements and prospects. *Chemical Bulletin of Kazakh National University*, 99(4). — P. 32-41. <https://doi.org/10.15328/cb1169> (in English)

Rocha R.F.P., Costa M.P.M., da Costa A.C.A., Ferreira I.L.M. (2024) Study of the degradation in an ultisol of alginate—chitosan complex and its stability and applicability as a soil conditioner. *International Journal of Biological Macromolecules*, 264(1). – Article 130384. DOI: 10.1016/j.ijbiomac.2024.130384 (in English)

Román-Doval R., Torres-Arellanes S.P., Tenorio-Barajas A.Y., Gómez-Sánchez A., Valencia-Lazcano A.A. (2023) Chitosan: Properties and its application in agriculture in context of molecular weight. *Polymers*, 15(13). — Article 2867. DOI:10.3390/polym15132867 (in English)

Temurayak A., Eskisar T., Eskisar T. (2023) Clay Soil Stabilization Using Xanthan Gum and Sodium Alginate as Biopolymers. In: *5th International Conference on New Developments in Soil Mechanics and Geotechnical Engineering*. (in English)

Zhang, X. (2024) Sodium alginate/sodium lignosulfonate hydrogel based on inert Ca<sup>2+</sup> activation for water conservation and growth promotion. *Environ. Res.*, 246, 118144. (in English)

**Publication Ethics and Publication Malpractice  
in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)  
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)  
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*  
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 3.09.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
18,0 п.л. Заказ 3.